

**«8D08401 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ибраева Гульмира Сайфуллаевнаның «Қаратау жотасының оңтүстік-батыс еңісіндегі өзендердің ихтиофаунасының қазіргі жағдайын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	Диссертация ғылымның даму бағыттарына сәйкес орыдалған. Диссертация ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті бекіткен ЖТН АР26100721 «Алатау ихтиофаунасының таксономиялық және функционалдық алуантүрлілігін зерттеу» жобасы бойынша жүзеге асырылған
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы айқындалған
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	Жоғары, диссертациялық жұмысты ізденуші өзі толығымен жазып шыққан. Ізденуші әдеби деректерді жинау және талдау, далалық және зертханалық

			зерттеулерді жүргізіп, деректерді жинаған. Балықтарға биологиялық, морфометриялық және молекулалық-генетикалық талдаулар жасап, унивариантты және көп өлшемді әдістерімен статистикалық өңдеуден өткізген. Сонымен қатар, автор биоақпараттық талдау жүргізген. Алынған нәтижелерді талдау, жалпылау және түсіндіру негізінде ізденуші тиісті қорытындыларды тұжырымдаған
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Сырдария өзенінің бассейніне кіретін Қаратау жотасының оңтүстік-батыс еңісіндегі өзендердегі балық қауымдастықтарының құрамы мен таралуын кешенді зерттеу ерекше өзекті болып табылады.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Алдына қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері Сырдария бассейніне кіретін		

		<b>1) толық байланысқан;</b>	Қаратау жотасының оңтүстік-батыс еңісіндегі су қоймаларының негізгі абиотикалық көрсеткіштеріне байланысты ихтиофаунаның алуантүрлілік динамикасы және балық популяциясының тығыздығы айқындалған, диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде толық байланысқан
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Ізденуші зерттеу жұмысының нәтижелеріне классикалық және қазіргі әдебиеттермен салыстыра отырып сыни талдау жүргізген
		<b>1) сыни талдау бар;</b>	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
4) талдау жоқ.			
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа. Антропогендік әсердің және климаттық өзгерістердің өсуі нәтижесінде Қаратаудың оңтүстік-батыс еңісіндегі кіші су қоймаларының абиотикалық сипаты, өзендерде тіршілік ететін аборигенді балықтардың 21 түрі және басқа өңірлерден енген бөгде балықтардың 8 түрі анықталған
	<b>1) толығымен жаңа;</b>		
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?		
	<b>1) толығымен жаңа;</b>		
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Алғаш рет Сырдария өзенінің бассейніне кіретін Қаратау жотасының	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	онтүстік-батыс еңісіндегі кіші су қоймаларының физико-химиялық қасиеттері зерттеліп, осы өзендердегі балықтар қауымдастықтарының құрамы мен таралуын, экологиясы мен молекулалық генетикасы зерттелген. Зерттеу барысында 7 аборигенді және 1 бөгде ( <i>Triplophysa strauchii</i> ) балық түрлерінің популяцияларындағы микроэволюциялық үрдістерге морфологиялық және генетикалық талдаулар жүргізілген
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық және технологиялық шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделген және ішінара (75%) жаңа болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		<b>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b>	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда <b>ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Диссертациялық жұмыстың ережелері дәлелденген. Алынған мәліметтер жаңа, және оларды қолдану деңгейі кең ауқымды.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		<b>1) дәлелденді;</b>	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	

		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		<b>2) жоқ;</b>	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		<b>1) ия;</b>	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		<b>3) кең</b>	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		<b>1) ия;</b>	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертацияда дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі әдіснаманы таңдауы мен нақты жазылғандығынан көруге болады
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<b>1) ия;</b>	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: мысалы, мтДНҚ, СОІ генін зерттеудің молекулалық-генетикалық әдістері, жүйелік экологиялық талдау және математикалық талдаудың көпөлшемді әдістері қолданылған
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста алынған қорытындылар зерттеу нәтижелерінен көрініс тапқан. Эксперименттік зерттеу жұмыстарымен дәлелденген және расталған
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b> .	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы 436 ғылыми әдебиеттер мен дереккөздер қолданылған
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы: зерттеу барысында 7 аборигенді және 1
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			бөгде ( <i>Triplophysa strauchii</i> ) балық түрлерінің популяцияларындағы микроэволюциялық үрдістерге морфологиялық және генетикалық талдаулар жүргізілген. Нәтижелер оқшауланған популяциялардың жоғары морфологиялық өзгергіштігі негізінен генетикалық айырмашылықтарға емес, қоршаған орта жағдайларына байланысты екендігін атап көрсеткен
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Қаратау жотасының оңтүстік-батыс өзендердегі балықтардың таксономиялық құрамы мен систематикасын зерттеу аборигенді түрлер популяцияларының алуантүрлілігі мен қазіргі жағдайын анықтауға мүмкіндік берді. Алынған деректер бірегей түрлердің жоғалуын болдырмауға және уақытша түрлерді сақтаудағы экономикалық шығындарды азайтуға ықпал етеді
	1) ия;		
	2) жоқ.		
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа
	1) толығымен жаңа;		
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	
		1) жоғары;	

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде
11.	Диссертацияға ескертулер		Жалпы диссертациялық жұмыс талаптарға сай орындалған. Диссертациялық жұмыста орфографиялық және грамматикалық қателер кездеседі. Ескертулер жұмыстың ғылыми деңгейіне әсер етпейді
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық тақырыбы бойынша 8 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде ҚР БСҒК тізіміне кіретін мамандық бейіні бойынша ғылыми журналдарда 3 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 3 жарияланым, Web of Sciences (Q2) және Scopus деректер базасына кіретін BIO Web of Conferences журналында амур шабағы 1 мақала мен «Ecologica Montenegrina» журналында (Q2) 1 мақала. Жарияланған мақалалар диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді және академиялық жазу деңгейі жоғары
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Докторант Ибраева Гульмира Сайфуллаевна «8D08401-Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» білім беру бағдарламасы бойынша философия

			<p>докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайықты деп есептеледі.</p> <p><b>1) Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша дәрежесін беру</b></p>
--	--	--	---

**Ресми рецензент:**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,  
 Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы институтының директоры,  
 биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Сатыбалдиева Гульмира Калмашевна

“С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті” коммерциялық емес акционерлік қоғамы

*С. Ғ. Сатыбалдиева*

Қолын қойған

Ғалым - хатшы *Сатыбалдиева Гульмира*

